Түркістан облысының білім басқармасының «Отырар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ

160700, Отырар ауданы,Шәуілдір ауылы, Ұ.Арғынбеков дан., №14 үй.
Тел:8(72-544)21-4-51, ММ коды 2613675, БСН 050140006873

Государственное учреждение «Отдел образования Отрарского района» управления образования Туркестанской области

ПРИКАЗ

160700, Отырарский район, село Шаульдер, пр. У.Аргынбекова, №14.
Тел 8(72-544)21-4-51, код ГУ 2613675, БИН 050140006873

21.01.2026 ж. **№** 12

Шәуілдір ауылы **село Шаульдер**

«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII Заңының 16-бабының 3-тармағының 35-тармақшасына сәйкес (әрі қарай – Заң) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Отырар ауданының білім бөліміне қарасты Отырар жалпы білім беретін мектеп КММ-нің жылу қазандығын ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу үшін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

Бөлім басшысы **К.Шербаев**

Түркістан облысының білім басқармасының «Отырар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

АКТ

Шәуілдір ауылы **30 қаңтар 2026 жыл**

Біздер төменде қол қойып акт жасаушылар:

С.Оразалиев	Отырар ауданының білім бөлімінің материалдық құндылықтар бөлімінің есепшісі ;
К.Асилбеков	«Отырар жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің директоры;
Н.Курманбаев	Отырар ауданының білім бөлімінің мемлекеттік сатып алу және жоспарлау тобының жетекшісі.

Отырар ауданының білім бөліміне қарасты, Отырар ауданы, Қарғалы ауылдық округі, Отырар елді мекенінде орналасқан «Отырар» жалпы білім беретін мектеп» КММ 2009 жылы пайдалануға берілген, жобалық қуаты 600 орындық. Типтік жағдайда орналасқан. Қазіргі таңда 362 оқушы білім алуда.

Мектеп екі дизельді жылу қазандығымен жылытылады. Қазіргі таңда жылу қазандығының біреуі істен шығып, екінші қазандықтың жұмысы баяулап, істен шығу қаупі туындап отыр.

Қазіргі таңда оқу процессіне кедергі келтірмеу мақсатында жылу қазандығын тез арада жөндеу қажеттігін ескере отырып, төмендегі әрекеттерді жасау қажеттілігі туындауда:

Жылу қазандығын ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 Заңының 10 бабының 1-тармағында көрсетілген тәсілдер негізінде жүзеге асыру көзделген:

1) конкурс;
2) аукцион;
3) баға ұсыныстарын сұрату;
4) бір көзден алу;
5) электрондық дүкен арқылы.

Конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, яғни мердігерді анықтау уақыты шамамен 30-60 күн аралығында уақытты алатындықтан, аталған мәселені жылдам шешу және білім ошағының оқу процессіне кедергілер келтірмеу мақсатында *(бұл ретте жөндеу жұмыстарының сомасы 500 еселенген АЕК мөлшерінен аспайды)* Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі туындап отырғандығын растап қол қоямыз.

С.Оразалиев _____

К.Асилбеков _____

Н.Курманбаев _____